

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 117 "Оңтүстік Қазақстан облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 18 маусымдағы № 142 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 маусымда № 23140 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оңтүстік Қазақстан облысында коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3197 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ш.Жетпісбайға жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

У. Шукеев